**Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы**

**Күшін жойған**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен**

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.**

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы (бұдан әрі — Стратегия) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері өз қызметінде Стратегияны басшылыққа алсын және оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 04.08.2018 № 723 Жарлығымен.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Н

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫ

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Ағымдағы ахуалды талдау
2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер
2.2. Шешімін талап ететін проблемалар
2.3. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар
3. Мақсат және міндеттер
3.1. Мақсат және нысаналы индикаторлар
3.2. Міндеттер
4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар

4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу

4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

4.5. Қоғамда парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жүйесін қалыптастыру

4.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту

5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау

Ескерту. Мазмұнға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.

1. Кіріспе

"Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды іске асыратын уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты.

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ "№72 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ"
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №72"
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы кө. 25
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

Республика Казахстан, 010000,
город Астана, ул. Ахмет Байтурсынулы 25
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

№ 199 н/к

02.09 2019

**Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы**

Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Білім басқармасының 2019 жылғы 23 тамыздағы шығыс хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектепішілік жоспар құруын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Аманова және Ж.О.Копбаеваға жүктелсін.
2. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесіп жұмыс жүргізу үшін «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының құрамы бекітілсін.
3. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бекітілсін.
4. «Парасатты азамат» бұрышын жаңартуда жұмыс үнемі жүргізіліп ерікті мектеп клубының жетекшілері бекітілсін.
5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Аманова, Ж.О. Копбаева мектептік тәрбие жоспарына жыл ішінде өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралары өткізілсін: сынып сағатары, тренингтер, дөңгелек үстелдер және мектепішілік ата-
аналар жиналыстары өткізілсін.
6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор А.Дюсенова

**Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы**

***Жалпы ережелер***

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

**Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері**

2.Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3.Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
- оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4.Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

- адамгершілік тәрбиелеу мораль дық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;
- әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;
- эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

Бекітемін

№85 мектеп лицей директоры

_______________М.Казиева

**«Адал ұрпақ» еріктілер клубының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Мақсаты: Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру,сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- шараларды ұйымдастыру.

| № | Іс- шаралар атауы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Адал ұрпақ» еріктілер мектеп клубының мүшелерінің тізімін құру | қыркүйек | С.Ж.Эгамберганова |
| 2 | «Адал ұрпақ» еріктілер мектеп клубының жұмыс жоспарын құру | қыркүйек | С.Ж.Эгамберганова |
| 3 | «Жемқорлыққа жол жоқ» бейнеролик конкурсы | Қазан | Клуб мүшелері |
| 4 | «Мемлекеттік қызмет елдің мүддесіне адал қызмет» шығарма байқауы | Қараша | С.Ж.Эгамберганова |
| 5 | «Ұрлық түбі қорлық » бейнероликтер көрсету | Желтоқсан | Клуб мүшелері |
| 6 | «Жемқорлық балалар көзімен» оқушылар арасында сурет байқауы | Қаңтар | Клуб мүшелері |
| 7 | «Жемқорлық індет жою міндет» тақырыбында дөңгелек үстел. | Ақпан | С.Ж.Эгамберганова |
| 8 | «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» ардагерлерге, мүгедектерге, жалғыз басты ардагерлерге көмек беру | Наурыз | С.Ж.Эгамберганова<br>Клуб мүшелері |
| 9 | «Адал ұрпақ қандай болуы керек» пікірсайыс турнирі | Сәуір | С.Ж.Эгамберганова |
| 10 | «Әлеуметтік желі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолы» әлеуметтік ролик,вайндар жасау | Мамыр | С.Ж.Эгамберганова<br>Клуб мүшелері |

Орынд. Эгамберганова С.Ж тел. 87757648806

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры
_______________ М.Казиева

| № | Оқушылардың аты -жөні | міндеті | сынып |
|---|---|---|---|
| 1 | Эгамберганова Салима Жаксумуратовна | «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі | |
| 2 | Изатулла Аружан | «Адал ұрпақ» еріктілер клубының басшысы | 8 «Б» сынып |
| 3 | Құанышұлы Бейбарыс | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы басшысының көмекшісі | 8 «Б» сынып |
| 4 | Бақыт Інжу | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мәдениет секциясының жетекшісі | 8 «Б» сынып |
| 5 | Турсынбай Ақбөпе | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы ақпарат шығармашылық секциясының жетекшісі | 8 «Б» сынып |
| 6 | Есен Ерназар | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Білім секциясының жетекшісі | 7 «А» сынып |
| 7 | Сапаралина Інжу | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мәдениет секция жетекшісінің көмекшісі | 7 «А» сынып |
| 8 | Қасқан Адина | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мәдениет секциясының жетекшісінің көмекшісі | 7 «В» сынып |
| 9 | Арыстан Аслан | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Білім секциясының жетекшісінің көмекшісі | 7 «А» сынып |
| 10 | Аргимбеков Нурмолда | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы ақпарат шығармашылық секциясы жетекшісінің көмекшісі | 7 «Ә» сынып |
| 11 | Ауданбай Данайым | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Білім секциясының жетекшісі | 7 «Ә» сынып |
| 12 | Төлендіұлы Аспандияр | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Білім секциясының жетекшісінің көмекшісі | 7 «Б» сынып |
| 13 | Иманбекова Малика | «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Білім секциясының жетекшісінің көмекшісі | 7 «Б» сынып |

Орынд. Эгамберганова С.Ж тел. 87757648806

# «Адал Ұрпақ» еріктілер мектеп клубы

***Мақсаты:***

Рухани адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбиелеу. Сыбайлас жемқор) уққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру.

***Міндеті:***

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруболып табылады.

*«Адал ұрпақ» еріктілер клубының эмблемасы*

## «Адал ұрпақ» клубының ұраны

*Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,*
*Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,*
*Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,*
*Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.*
*Егеменді өсер елде тұрам Мен,*
*Білдіремін сезімімді жыр - әнмен.*
*Жолыменен Елбасының жүрейік,*
*«Жемқорлыққа жол жоқ!»- деген ұранмен.*


Жұмыс бағыттары:
сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім
сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат
шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар

## *"Адал Ұрпақ" клубы туралы ереже*

**Жалпы ереже**

• Клуб - өздігінен жұмыс істейтін ұйым, заңды тұлға болып саналмайды. Оқушылар есебінен мектеп базасында құрылған. Клуб өз қызметін мектептің қоғамдық ұйымдарымен, ПБ өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасаумен жүзеге асырады.

• Клубтың құрамы және жетекшісі ерікті түрде анықталады және мектеп директорымен бекітіледі.

**1. Клубтың қызметі мыналарға бағытталған:**

• Қазақстан қоғамының адамгершілік мақсаттары мен құндылықтары негізінде балалардың өмір ұстанымдарын қалыптастыру кезінде көмек көрсету.

• Балаларды азаматтық және отансүйгіштікке тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын насихаттау.

• ҚР тарихына - мәдени мұраларына сақтықпен қарау, сақтау.

**2. Клуб қызметінің мақсаты және тапсырмалары:**

• Оқушылардың жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алулары бойынша педагогикалық ұжымға көмек көрсету.

• Оқушылармен алдын алу жұмыстарын жүргізу.

• Белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру.

• Заңдарды, нормативтік актілерді тереңінен оқып үйрену, ІБ жедел - техникалық құралдарымен танысу.

• Бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастық жасау.

• Жемқорлық мәдениетіне бағытталған волонтерлік жұмыстарды ұйымдастыру.

1. **Клуб қызметтерінің негізгі бағыттары**

   **Ағартушылық қызмет:**

   • Жұмыстың жаңа үлгілерін үйрену және қолдану.

   •Жеткіншек және бала жасында салауатты өмір салтына көмек көрсету бойынша бағдарламаны қолдау және жүзеге асыру.

   • Ойындарды, саяхаттарды, жарыстарды, байқауларды ұйымдастыру және өткізу.

   • Жұмыс қорытындысын жүргізу, гимназия клубының қызметіне талдау жүргізу.

**Клуб жетекшісі міндетті:**

• Қалаған қызмет бағыттарымен волонтерлік оқытуды ұйымдастыру;

• Волонтердің практикалық қызметін ұйымдастыру;

• Волонтерлермен жағымды міндеттер орындаулары үшін жағдай туғызу;

• Волонтерге оның құқығы мен міндетін түсіндіру;

• Волонтерге өзінің мүмкіндіктеріне сенімсіздік білдіргені бойынша нақты іс-шараларға қатысудан бас тартуға волонтерге кедергі болмау;
• Волонтердің қызметіне бақылауды жүзеге асыру, жауапкершілі таныту; • Волонтерге және оның қызметіне әсер ететін құжаттамалар жүргізу.

**"Адал Ұрпақ" клубы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

**Клуб мүшелері құқылы:**

• Өздерінің талпыныстарына, қабілеттіліктеріне, қажеттіліктеріне және мүмкіндіктеріне сүйене отыра нақты Ереженің 4 тарауында қарастырылған волонтер қызметіне бағытты таңдау;
• Олардың таңдап алған бағыттары бойынша оқудан өту; Топ құрамында өзінің қызметтік міндетін жүзеге асыру;
• Ұсыныстар енгіз, волонтерлік қозғалыс бағыттарының даму жобасын өңдеу, дамыту;
• Өз мүмкіндіктеріңе сенбеген жағдайда нақты іс-шараларға қатысудан бас тарту;
• Клуб жетекшісін хабардар ете отыра өз қызметін тоқтату.

**Қамқорлық (шефская) қызмет**

• Мектептің төменгі сынып оқушылары арасында бірлескен іс- шараларды жүргізуге көмектесу.

Әлеуметтік қызмет

• Мемлекеттік мүліктерді, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге қатынасу.

**Ақпараттық - жарнамалық қызмет**

• Оқушыларды жарнама баспа материалдарын және сурет - кино бейнекөрсетілімдер жасауға және таратуға үйрету.
• Тақырыптық әңгімелер, викториналар, спектакль қойылымдарын ұйымдастыру және жүргізу.
• Клуб қызметіндегі презантациялар және басқа да жарнамалық акцияларды ұйымдастыру және жүргізу.

"Адал Ұрпақ" клубы жетекшісінің құқығы мен міндеті

**Клуб жетекшісі құқылы:**

• Жеткіншектерді және педагогтарды тарту мақсатында аталған Ереже бөлімдерін негізге ала отыра түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
• Аудандық білім бөлімі қызметкерлеріне көмекке жүгіну.
• Шынайы қолда бар материалдық - техникалық жағдай есебінен нақты Ереженің 4 тарауында қарастырылған волонтерлік қызметке бағыттау бойынша алдын алу топтары құру.
• Өткен тармақшаның талаптарын басшылыққа ала отыра қызмет түрін ұсыну.
• Олардың өз міндеттерін орындамаған жағдайда волонтер қызметінен бас тарту.

# ДИПЛОМ

Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық құндылықтарын ілгерілету мақсатында өткен «Адал ұрпақ» слетінде ақтық кезеңге шығып белсене қатысқаны үшін

Шейх Тахнун бен Хамад Әл-Тани ат-ың №85 мектеп-лицей

марапатталады

Жетекшісі Бақытқызы Ақерке

"Астана қаласының ішкі саясат басқармасы" ММ басшысы

Н.И.Альмуханов

Бекітемін
№85 мектеп –лицей директоры
_________________ М.Казиева
«_02_» ___09___2024 ж

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** Мектеп қоғамдастығын сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне «нөлдік» шыдамдылық ортасын құру жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту. Негізгі бағыты-сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою. Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауаптылығын қалыптастыруға қажетті қабілеттерін дамыту.

**Міндеттері:**

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас пен мәдениетті қалыптастыру;
- өзін-өзі түсіну және құқықтық мәдениет деңгейін көтеру, қызметтік құқықтық және рухани-этикалық аспектілерін зерттеу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәселелері бойынша ағартушылық жұмыстар жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық туындауының алғышарттарын азайту, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылға бағытталған құқықтық, экономикалық, тәрбиелеуші, ұйымдастырушылық және өзге де шараларды қамтамасыз етуші кешенді іс-шараларды әзірлеу.

**№ 85 мектеп-лицейінің педагогтарымен мен өзге қызметкерлері арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жұмыс түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 2024-2025 оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту | қыркүйек | жоспар | М.Казиева |
| 2. | 2024-2025 оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын интернет-ресурсына орналастыру | қыркүйек | интернет-ресурсына орналастыру | А.Кокенов |
| 3. | «Сыбайлас жемқорлық-қоғам дамуының кедергісі» стендін безендіру | қыркүйек | стенд | Л.Башеева А.Ержанова |
| 4. | «Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-қауіпті көрініс» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволары мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жиналыс | қыркүйек | хаттама | Л.Башеева |
| 5. | Азаматтарды үнемі өздерінің білім алуға деген құқықтарымен ақпараттандыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімнің интернет-ресурстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | қыркүйек | интернет-ресурсында арнайы бөлім жасау | А.Кокенов |
| 6. | Бюджеттік және бюджеттік емес құралдарды қолданудың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету және оларды шығындау бойынша мақсатты пайдалануды бақылау | жыл бойы | есеп | әкімшілік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | ҚР Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 ж 18 қарашадағы № 410 –V ҚРЗ бұйрығымен таныстыру | қаңтар | анықтама | Л.Башеева |
| 8 | Ішкі еңбек тәртіптемесі ережелері мәселесі бойынша жұмысты ұйымдастырғанда мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнаманың орындалуын жүйелі бақылауды ұйымдастыру | жыл бойы | мәжіліс хаттамалары | әкімшілік, кәсіподақ комитеті |
| 9. | «Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың салдары» мектеп мұғалімдері және қызметкерлерімен жиналыс | сәуір | хаттама | Л.Башеева А.Ержанова |
| 10 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы есеп беру. | 1 тоқсанда бір рет | есеп, ақпарат | Л.Башеева А.Ержанова |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **Л.Башеева**

**Астана қаласы № 85 мектеп-лицейінің ұжымы жиналысының**

**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**17.09.2024 ж.**

**Қатысқандар:** педагогикалық ұжым (тізімі келтірілді) және әр сынып ата-аналар комитетінің төрағалары.

**Қатыспағандар:** Тюмебаева С.Б.Әнес Б.

**Күн тәртібінде:**

1. «Сыбалас жемқорлық әлеуметтік-қауіпті көрініс» орта білім беру мекемелер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және сұрақтар бойынша өткізілген бейнеконференц байланыс жиналысы сұрақтарын орындау туралы.

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры М.Казиева тыңдалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының заңының мақсатын сөйлеуші атап өтті.

1. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.
2. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Осы мақсаттарды білім беру ұйымдарында да орындап отыруға міндеттіміз. Мектептегі қамқоршылық кеңесінің есептерінің ашықтығын қамтамасыз ету және мониторинг өткізу. Мектепте ата-аналар комитетінің мүшелері арасында заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыруды қамтамасыз ету, қадағалау жүргізіліп отырсын.

Сөйлегендер: тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Умиров

Білім беру ұйымында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрылуын ұсынамын.

Қабылданған қаулы:

1. № 85 мектеп-лицей қызметкерлері:
   - ата-аналардан жөндеу жұмыстарына, құрал-жабдықтар, оргтехникалар, сынып қорына, жиһазды сатып алуға, мектеп аттестациясын өткізуге,

педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізуге және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;

- педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- аталмыш мәселені талдау барысы туралы ата-аналар жиналысында комитет төрағалары жеткізсін;
- ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге атқаратын лауазымнан босатуға дейінгі қатаң шара қолданылсын.

Төрағасы М.Казиева

Хатшысы Л.Башеева

# Астана қаласы №85 мектеп-лицейінің оқушылар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған І жартыжылдыққа іс-шаралар есебі

2024-2025 оқу жылында оқушылар арасындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. № 85 мектеп – лицейінде жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған жоспар жасалып барлық іс-шаралар өткізілді. Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарлату, құрымдылық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы мен жариялылығы.
3. Оқу білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әркеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Осы бағытта көптеген іс-шаралар өткізілді. 4 сыныптар арасында «Мен тыныш өмірді қалаймын» атты қолөнер көрмесі өтті.




«Менің бақытты балалық шағым !» 18-19 қарашада сурет байқауы және «Қоғамда жемқорлыққа жол жоқ!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.





Менің құқығым және менің жауапкершілігім» шығарма байқауы болды. 8-11 сыныптар арасында өткен байқауда 9 «В» сынып оқушысы Әлімжан Әсел 1 орынды, 9 «Ә» сынып оқушысы 2 орынды, Қарқұлайбек Ляззат 9 «Ә» сынып оқушысы 3 орынды иеленді. Саптық жиында марапатталды.





6 сыныптар арасында және бастауыш ата-аналарымен біріккен «Жаркын жакта өмір сүр» эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.





«Адал ұрпақ» ұйымы «Жемқорлыкка қарсы» калалық сайысқы катысты.








Кез келген жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың, қылмыстардың алдын алу жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу жұмыстарын өскелең оқушыларымыздан бастағанымыз дұрыс. Себебі, еліміздің болашағы болып табылатын өскелең ұрпақ бұл үрдісте маңызды рөл алады. Оқушыларымыз қандай тәрбие алса, қоғамдық қауіпсіздік те соған байланысты болар деп ойлаймыз. Алдағы уақытта да бұл бағытта жұмыстар жалғасын табады.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орныбасары Л.Башеева**